Бадрисафаның ешбір суреті сақталмаған. Музейдегі бейнесін Шолпан Ахметқызы тапсырыспен салдыртқан. Ол суретшіге орыс қыздарының көп суретін жинап, ұқсас жерлерін айтып отырып, образын жасатқан.

Ахмет Байтұрсынұлы ән де жазған, фотоға да шебер түсірген. Оның халық жадында сақталып қалған «Іңкәрім» атты әні бар. Шолпан Ахметқызының Іңкәр есімді құрбысы болған. Ән соған арналып жазылуы мүмкін деген болжам бар. Жоғарыдағы суретте Іңкәр Шолпан Ахметқызын алдына алып отыр. Фотоны Ахмет Байтұрсынұлы түсірген. Бұл фото өте әдемі түсірілгенің сарапшылар айтады. Кёзіргі жастарлың тілімен айтқанда Ахмет Байтұрсынұлы фотограф болған.

Ахмет Байтұрсынұлының шаңырағы қолданған тұрмыстық заттар.Музейдің төрінде тұрған ыдыс-аяқ, самаурын, құманды Ахмет Байтұрсынұлының үй-іші қолданған. Құнды экспонатты музейге Шолпан Ахметқызы мен зиялының жиені Айман Байсалова өткізген. Музейге кейіннен қосылған жәдігердің бірі — Ахмет Байтұрсынұлының қол шабаданы. 1928 жылы Бадрисафа қаражат тапшылығынан шабаданды сатып жіберген екен. Оны алған адамдар музей ашылғаннан кейін «Бадрисафа апа бізге өткізген, сіздерге аманаттайық» деп табыстаған.